ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТУРИЗМ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ СПОРТ ЖӘНЕ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ІСТЕРІ КОМИТЕТІ

КОМИТЕТ ПО ДЕЛАМ СПОРТА И ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ МИНИСТЕРСТВА ТУРИЗМА И СПОРТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы
Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8 үй,
"Министрліктер үйі" ғимараты, № 15 кіреберіс
тел. 8 (7172) 74 02 92, кеңсе 8 (7172) 74 11 93
e-mail: kensesport@tsm.gov.kz

010000, город Астана,
Есильский район, проспект Мәңгілік Ел, дом 8
здание "Дом министерств", подъезд № 15
тел. 8 (7172) 74 02 92, канцелярия 8 (7172) 74 11 93
e-mail: kensesport@tsm.gov.kz

20.09.2023 ж.
№ 14-02-17/23182

«Алматы» олимпиадалық даярлау орталығы» РМҚК

2023 жылғы 14 қыркүйектегі
№ 01-17/279 хатқа

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті (бұдан әрі – Комитет), «Алматы» олимпиадалық даярлау орталығы» РМҚК-ның (бұдан әрі - ОДО) 2023 жылға арналған спорттық іс-шаралардың күнтізбелік жоспарына (бұдан әрі – спорттық жоспар) өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі жоғарыда көрсетілген хатын қарап, келесіні хабарлайды.

Спорттық жоспардың **«Үстел теннисі»** деген **8-бөлімінде:**

4-тармақпен көзделген «Халықаралық турнирлерге даярлау бойынша арнайы дене даярлығынан оқу-жаттығу жиыны (18 күн, қараша, Алматы, 10 спортшы, 1 жаттықтырушы)» іс-шарасын, **Бірыңғай республикалық күнтізбесінің[1] 169-тармағына** сәйкес, «Халықаралық турнирлерге даярлау бойынша жалпы дене даярлығынан оқу-жаттығу жиыны (18 күн, желтоқсан, Алматы, 10 спортшы, 1 жаттықтырушы)» іс-шарамен **алмастыруға;**

Осымен қатар, **6-тармақпен** көзделген ««WTT Youth Star Contender Vila Nova de Gaia» Халықаралық жасөспірімдер турнирі (12 күн, қараша, Португалия, 6 спортшы, 1 жаттықтырушы)» іс-шарасын *(Қазақстан*

[1] «2023 жылға арналған спорттық-бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай республикалық күнтізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті төрағасының 2022 жылғы 20 желтоқсандағы № 420 бұйрығы

Республикасының Үстел теннисі федерациясының 2023 жылғы 12 қыркүйектегі №317 хатына сәйкес) **алып тастауға;**

«Әртістік жүзу» деген **10-бөлімінде:**

2-тармақпен көзделген *(бұдан бұрын Комитеттің 2023 жылғы 11 шілдедегі №14-02-17/15788 хатымен өзгертілген)* «Халықаралық жарыстарға даярлау бойынша оқу-жаттығу жиыны (18 күн, қазан-қараша, Алматы, Астана, Талдықорған, 14 спортшы, 2 жаттықтырушы)» іс-шарасын, **Бірыңғай республикалық күнтізбесінің 102-тармағына** сәйкес, «Халықаралық жарыстарға даярлау бойынша оқу-жаттығу жиыны (18 күн, қазан, Астана, Теміртау, Талдықорған, Алматы, 14 спортшы, 2 жаттықтырушы)» іс-шарамен **алмастыруға;**

«Спорттық құзға өрмелеу» деген **14-бөлімінде:**

3-тармақпен, 2023 жылғы 13 қыркүйектегі **№359 Бұйрыққа**[2], «Жастар Азия Чемпионаты алдындағы арнайы дене даярлығынан оқу-жаттығу жиыны (қиындық, боулдеринг, жылдамдық), (18 күн, қазан, Алматы, 9 спортшы, 1 жаттықтырушы)» іс-шарамен **толықтыруға;**

4-тармақпен, 2023 жылғы 31 тамыздағы **№341 Бұйрыққа**[3] «Жастар Азия Чемпионаты (боулдеринг, қиындық, жылдамдық, боулдеринг+қиындық), (10 күн, қазан, Қытай, 8 спортшы, 1 жаттықтырушы)» **толықтыруға рұқсат етеді.**

Төраганың міндетін атқарушы **Б. Байжанов**

Орын.: Қ. Әмірғалина
тел.: 74 13 60, 8777 970 3994
K.Amirgalina@msm.gov.kz

---

[2] «2023 жылға арналған спорттық-бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай республикалық күнтізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті төрағасының 2022 жылғы 20 желтоқсандағы № 420 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті төрағасының 2023 жылғы 13 қыркүйектегі №359 бұйрығы

[3] «2023 жылға арналған спорттық-бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай республикалық күнтізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті төрағасының 2022 жылғы 20 желтоқсандағы № 420 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті төрағасының 2023 жылғы 31 тамыздағы №341 бұйрығы